

АВАЙ 95

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің газеті

UNIVERSITY



Студент қатарынан
қабылдау



2
бет

Университет
тариҳы



3
бет

Мас
ғалым



4
бет



№09
(233)

Қазан
октябрь

2023

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

Республика
күні
25
қазан



ҚЫМБАТТЫ ОТАНДАСТАР!
ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР ЖӘНЕ
БІЛІМ АЛУШЫЛАР!

Сіздерді еліміз үшін ерекше және маңызды мереке 25 қазан - Қазақстан Республикасы күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн кешегі тарихымыз берінен бұрынғы жетістікке қарай үтмұлған қадамымыздың айғағы. Өйткені осыдан 33 жыл бұрын дәл осы күні Жоғары кеңесте декларация қабылданып, еліміздің егемендігін және оның территориясы мен дербестігін мәлім ететін мемлекеттік рәміздеріміз бекітілді. Міне, осы тарихи сәт біздің аспанымызда көк байрағымыздың желбіреуіне мүмкіндік берді. Біз тұған жеріміздің жетістіктеріне, оның дамуға, бейбітшілік пен өркендеуге деген үмтілісінен мақтанышпен қараймыз. Еліміз барлық салада, соның ішінде білім саласында да қарқынды дамуын жалғастыруда.

Қазақ білімінің қара шаңырағы - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті еліміздің болашақын айқындастырып, уақыттың кез келген сын-қатерлерін еңсере алатын болашақ көшбасшылар мен педагог кадрларын даярлауды аса үлкен жауапкершілікпен сезінеді. Сондай-ақ еліміз үшін аса қажет педагог кадрларын даярлау жолында аянбай қызмет етеді.

Қымбатты әріптер

Абай университеті сүйкті Отанымыз - Қазақстанның гүлденіп, өркендеуіне өз үлесін қосып, еліміздің білім мен ғылым саласында жоғары көрсеткішке қол жеткізе берсін. Сіздерге мықты денсаулық, отбасыларыңызға бақыт, зор жетістіктер тілемін. Тәуелсіз Қазақстанның дамуы мен кемелденуі жолындағы еңбектеріңіз табысты, барлық бастамаларыңыз сәтті болсын!

Ізгі тілекпен,
Басқарма тәрағасы-ректор Bolat TILEP



БІЛІКТІ БАСШЫ, ҚӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ



26 қыркүйекте Абай университетінің Тарих және құқық институты «Академик Т.С.Садықов атындағы Қазақстан тарихы» кафедрасының үйымдастырылуымен «Жаңа заман университеттері - даму стратегиясы және жаңырыту тәжірибелісі» тақырыбындағы ҚР ҰФА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Тоқымхамед Садықовтың 85 жыл толуына арналған «VI Садықов оқулашы» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы болып өтті.

Іс-шарасы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Басқарма тәрағасы-ректоры Bolat Tilep, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, академиктер Мұрат Жұрынов пен Ханкелді Әбжанов, Тарих және құқық институтының директоры Габит Кенжебаев, сонымен қатар еліміздің және шетелдің жетекші ғалымдары, қоғам қайраткерлері қатысты. Атап айттар болсақ, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұрлан Оразалин, Анкара университетінің Жалпы түркі тарихы кафедрасының менгерушісі А.Гюндөрдү, Израильдің Ариэль университетінің профессоры, Лос-Анджелестің геноцидтің озық зерттеулер орталығының мүшесі К.Феферман және тағы басқалары баяндамалар жасады.

Басы. Жалғасы 3 бетте

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ШЕБЕР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ



Абай университетінде 2008-2017 жылдар аралығында Абай атындағы ҚазҰПУ-дың басқарған белгілі ғалым-педагог, академик С.Ж. Пірәлиевті еске алуға арналған «Білім беру стратегиялары: болашақ кадрларды даярлау» тақырыбында халықаралық педагогикалық форум өтті.

Форумға Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры Bolat Tilep, ҚР ғылым және жоғары білім вице-министрі Darhan Ahmed-Zaki, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Fani Mailybaev, еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлері, қазақ зияяларының көрнекті өкілдері, отандық және шетелдік ғалымдар, Серік Жайлауұлының отбасы және туған-тұстары қатысты.

Іс-шарасы С.Ж.Пірәлиевтің ғылыми еңбектері көрмесінің ашылуымен басталып, отбасының демеушілік қолдауымен академик С.Пірәлиев атындағы конференц-залдың салтанатты ашылуына жалғасты.

Форумды ректор Bolat Tilep ашып, іс-шараның маңыздылығын, ғалымының бүкіл саналы ғұмырын білім беру жүйесін жетілдіруге және жоғары білікті кадрлар даярлауға, сондай-ақ жалпы қазақстандық ғылымды дамытуға қосқан үлесін ерекше атап өтті.

Басы. Жалғасы 3 бетте

МЕДЕУДЕ ЖЕЛБІРЕГЕН КӨК ТУ

25 қазан - Республика күні! 1990 жылы 25 қазанды Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы еді. Мереке барша қазақ жерінде, әсіресе, Алматы баурайында кеңінен тойланды. Республика күніне арналған акция шенберінде «Медеу» білік таулы кешенінің алаңында биіктігі 40 метрлік Мемлекеттік туңғыш мемориал орындалды.

Іс-шараға Алматы әкімі Ерболат Досаев, қоғам қайраткерлері, мәслихат депутаттары, ҮЕҰ өкілдері, Абай университетінің 1 000-нан аса студенті және қала жастары қатысты.



Іс-шара барысында Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы басшысының орынбасары Азиз Қажденбек: «Ең білік жерде орналасқан туды көтеруге 2 мыңнан астам жас келіп отыр. Қаланың белсенділері, депутаттар бар. Бұл - жастардың патриоттық сезімін оятуға өте маңызды іс-шаралардың бірі» - деп айтты.

Баспасөз қызметі

РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ АРНАЛДЫ



Педагогика және психология институтының (Педагогика кафедрасы доценті Жанна Акпарова) үйімдастыруымен Республика күніне арналған «Отаным менің Қазақстан» тақырыбында Филология институты «Шет тілі: екі шет тілі» білім бағдарламасы студенттерінің қатысуымен мерекелік іс-шара өтті.

Студенттерді өз Отанын сүюге, тұған халқының тілін, мәдениетін, кімін, салт-дәстүрін, рәміздерін қастерлейтін, өз елін, тегін, тарихын белгітін саналы да парасатты азамат болуға тәрбиелеу, сонымен қатар студенттердің болашакта мектеп оқушыларымен сабактан тыс тәрбие жұмыстарын жүргізе алуға даярлау іс-шараның негізгі бағасаты болды.

Мерекелік іс-шараға педагогика кафедрасының менгерушісі, профессор Шолпан Колумбаева, «Шет тілі: екі шет тілі» білім бағдарламасы кафедрасының менгерушісі Серик Иватов және педагогика кафедрасының доценті Светлана Жумашева қатысып, іс-шараның тәрбиелік мәні мен мазмұнына ерекше тоқтап, үйімдастырушылар мен студенттерге үлкен алғыстарын білдіріп, жоғары деңгейдегі бағаларын берdi.

Ақерке ысқақ

ҰСТАЗДАР КӨШБАСШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Abai Honors College қосымша білім беру бағдарламасының студенттеріне «Қазақстан ұстаздарының көшбасшылығын дамыту» тақырыбында семинар-тренинг үйімдастырылды. Іс-шараның спикері Қазақ үлттық қыздар педагогикалық университетінің Басқарма тәрағасы - ректоры Гүлмира Қанай болды. Спикер студенттерге заманауи педагог құзыреттілігін баяндап, өз тәжірибесімен бөлісті. Студенттер арасында білім саласындағы өзекті мәселелердің көтеріп, оның шешу жолдарын талқылады. Түрлі жағдайтың тапсырмалар беру арқылы студенттердің қызығушылығын арттыруды. Семинар-тренингтің ұттымды тұсы: спикер белгілі бір тапсырмаларды орындау үшін студенттерге рефлексия жасап, студенттер арасында тақырыпты қызу талқыға түсірді.

Кездесу интерактивті және танымдық түрфіда сәтті өтті. Гүлмира Қанай айтқандай, «Көшбасшылық - бұл қозғалыс, бағыт және әрекет». Осылай керемет интерактив үшін спикерге алғысымыз шексіз!

Баспасөз қызметі

21 қазанда Абай атындағы ҚазҰПУ-да 1 курс студенттеріне арналған «Студенттік қатарға қабылдау» салтанатты рәсімі өтті.

Мерекелік іс-шараға университет ректоры, оқу ордасының Басқарма мүшелері, институт директорлары мен студенттер қауымы қатысты.

Салтанатты кешті университеттің Басқарма тәрағасы-ректор Болат Тілел ашты. «Жаңа білім ордасына аяқ басқан студенттер бұл сіздердің де алғашқы қадамдарыңыз. Салтанатты түрде



СТУДЕНТТІК ҚАТАРҒА ҚАБЫЛДАУ

студенттік билетке ие болғалы тұрсыздар. Алдарыңызда үлкен білім жолы күтіп тұр. Сіздерді осы мерекелеріңізben құттықтай отырып, оқуда озат болуларыңызды тілеймін! Қадамдарыңыз нық болсын! Білім мен ғылым жолында алар асуларыңыз биік болсын!», - деп, дәстүрлі түрдегі табысталатын «Студенттік билетті» республикалық байқаулардың жеңімпазы, Филология институтының 1-ші курс студенті Мадияр Хайрулмажитовқа табыстауды.

Тәрбие, әлеуметтік жұмыстар және жастар саясаты жөніндегі департаментінің үйімдастыруымен өткен іс-шараның мақсаты - жоғары оқу орнына түскен студенттердің болашақ бастамаларын қолдау, білім көкжиегін кеңеңтү, шығармашылық қабілеттерін дамыту, рухани дамуына үлес қосу.

Қабылдау кешінде алғашқылардың бірі болып «A-bluse» вокалды инструменталды ансамбл өнер көрсетті. Ал, кешкө көрік берген қазақ әстрадасының жарқын жұлдыздары Нұрмұхаммед Жақып, AyaFunk, Dosekesh пен



Мархаба Сәби ерекше тұындыларамын студенттерге қуаныш сыйласа, Bauguys-тың жігіттері креативті шоуымен көптің көңілінен шығып, керемет әсер қалдырыды. Бұл алаңға жиналған ҚазҰПУ жастарының жарқыраған үндериңен, күлімдеген күлкілерінен анықбайқалды.

Сонымен бірге өнер жұлдыздары университеттің @kaz-pulive инстаграм парапашасына арналы сұхбат беріп, жас толқын-жағылы лебіздерін жеткізді.

Тәрбие және жастар саясаты жөніндегі департамент

ЖАҢАЛЫҚ

«ГЕНЕТИКА»

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУ ҚҰРАЛЫН ӘЗІРЛЕДІ

«Биология» білім беру бағдарламалары бойынша оқу-әдістемелік жабдықтармен қамтамасыз етуді жетілдіру және цифрлық ортада студенттердің білімін арттыру мақсатында Жаратылыстану және география институтының жас ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы биология ғылымдарының докторы Докторхан Айдарбаеваның жетекшілігімен «Генетика» электронды оқу құралын әзірледі.



Генетика - биология ғылымдарының жылдам дамып жатқан салаларының бірі, сондықтан ақпарат та ұдайы өзгеріске түсіп, жаңарада. Электрондық оқу құралының мақсаты - биолог студенттерге организмдердің түкім қуалаушылық пен өзгеріштік заңдылықтарын, түкім қуалаушылықтың цитологиялық негіздері туралы терең білім беру.

Электрондық оқу құралы мазмұнына кіріспе, дәріс тезистері, зертханалық жаттығулар, студенттердің өз бетімен орындағын тапсырмалары, тест тапсырмалары, генетикадан әртүрлі тақырыптағы оқу фильмдерінгізілген.

Оқу құралының көмегімен студенттер қазіргі генетиканың әртүрлі тақырыптары бойынша білім алады.

Шолпан ШЫНЫБЕКОВА

ПРАКТИКА

СТУДЕНТТЕРГЕ

ӘДІСТЕМЕЛІК КӨМЕК



Қыркүйектің 18-нен бастап Педагогика және психология институтының 3 және 4-курс студенттері Алматы қаласының мектептерінде өндірістік практиканадан өтуде.

Бастауыш білім беру кафедрасының оқытушылары үнемі студенттердің сабактарына қатысып, жұмыстарын талдап отырады, сабакқа және сыйныптан тыс жұмыстарға дайындалуда әдістемелік көмек көрсетеді. Бастауыш білім беру кафедрасының әдіскерлері, педагог, психологтардың әдістемелік жетекшілігімен студенттердің үйімдастырылған тәрбиелік іс-шаралары және ата-аналармен жүргізілген жұмыстары оқындағы практиканадан өтеді. Бастауыш білім беру кафедрасының әдіскерлері, педагог, психологтардың әдістемелік жетекшілігімен студенттердің үйімдастырылған тәрбиелік іс-шаралары және ата-аналармен жүргізілген жұмыстары оқындағы практиканадан өтеді.

Қоғаммен байланыс департаменті

БІЛІКТІ БАСШЫ, КӨРНЕКТІ ҒАЛЬЫМ

Қазақтың тұнғыш жоғары оқу орны, қасиетті қара шаңырақ қарт ҚазПИ-дің қылыш тарихында университеттің қалыптасып дамуына зор үлес қосқан, көргені мен түйгегін мол тәжірибелі басшылар мен қоғам қайраткерлері көптеп саналады. Сондай тілге тиек етер, білім-ғылымға қызмет етуідің өзіндік үлгісін көрсеткен қазақ зияялышарының бірі Тоқымұхаммед Садықов еді. Оның бойындағы адами қасиеттер, білім ғылымға деген әділліттілігі, адами құндылықтары бүгінгі үрпаққа өнегелі үлгі болып табылады.

Т. Садықов – бүкіл саналы өмірін білім беру мен ұстаздыққа, интеллектуалды үлт тәрбиелеуге арнаған тұлға. Ол тек Қазақстандаған емес, сонымен қатар шетелде де таңымал білім беру жүйесінің көшбасшыларының бірі және тамаша ұстаз, теңдесі жоқ шешен сан қырлы өлшемдерді біріктірептің бірегей тұлға болған Т.Садықов тірі болғанда осы жылы 85 жыл толар еді. Ол өзінің өмір сүрген 71 жасында орасан зор еңбек сіңірді. Бүгінгі әділетті қоғамға адаптациялған жаңа технологияларды енгізу қажеттігін үнемі айтып отырды. Оның ой-ерісі, талпынысы, адаптациялған жаңа технологияларды енгізу қажеттігін үнемі айтып отырды.



де, әсіресе тарихтың бұралан бүлтариystарында өз
Отаны үшін тіпті өмірлерін аямайтын іске
адалдығын дәлелдеген тұлғаларға сұраныс бұрын-
ғыдан да артып келеді. Осыған орай, Т. Сәлменұлы-
ның өмірі, білім мен ғылым мұрраттары, тәуелсіз
Қазақстанның қалыптасуы мен дамуына арналған-
дығымен ерекшеленеді.

Тоқмұхамед Сәлменұлы 1938 жылы Алтай өлкесінде туған. Оның ата-анасы Парфенов Николай Евгеньевич және Мария Григорьевна болғандар. Ол 1955 жылы Атырау облысында дүниеге келген. 1964 жылы (бұрынғы С.М. Киров) қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген. Еңбек жолын Алматы құрылымдары колледжінде оқытушы ұстаз болып бастаған. Ол ғалым ретінде Қазақ мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітіргеннен кейін 1973 жылы кандидаттық, 1983 жылы тарих ғылымдарынан докторлық диссертациясын қорғады.

Еліміздің дамуындағы қысын өтпелі кезеңде өзінің ерекше қабілеті мен көшбасшылық талантының арқасында Т.Салменұлы, 2003 ж. университетті Үлттық мәртебеге ие болуға қызымет жасап, кейіннен оку орны Абай атындағы Қазақ үлттық педагогикалық университетті деп аталды. Ол осы оку орынында 1987-2008 жылдары аралығында

Университетті Т. Садықов басқарған жылдар ішінде Абай атындағы ҚазҰПУ-і Қазақстандағы ең танымал жоғары оқу орындарының біріне айналды. Жастардың бұл оқу орнына қуана түсүіне жол ашылып, мүмкіндіктер жасалды және олар өз үміттерінің алдамайтынына сенди. Сол жылдары Абай университеті негізі білім деңгейіне қарамастан кез келген орта мектеп түлегінен маман дайындауға қауқарлы екенін дәлелдеді. Т. Сәлменұлы басқарып отырған кезде жыл сайын Абай университетінде көрсетілетін білім беру қызметтіңін сапалық деңгейін үнемі артып отырды. Бұл әрине, мемлекет тарарапынан да жоғары бағаланып, университет 2007 жылы ҚР Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын алды. Сол жылы университеттегі «Еуропалық сапа» және «Біріккен Еуропа» (Ұлыбритания) сийли штартында да именем болды.

британия) сыйылыштарына да ие болды.

2007 жылы Абай атындағы ҚазҰПУ-дың халықаралық деңгейдегі жетістіктепі мен сінірген еңбегін растағын Университеттердің Магна Кардинала (Егерсон) көлкіншілді

Картасына (Болоня) қол қойылды.

Т. Садыковтың кәсіби қызметтінің негізгі кредосы қазақстандық жоғары білімнің педагогикалық және ғылыми әлеуетін сақтау және дамыту болды. Тәүелсіз Қазақстанның «Білім туралы» және «Жоғары білім туралы» жаңа Зандарын жасауға тікелей атсалысып, республикадағы білім берудің теориялық негіздерін дамытуға зор үлес қосты. Т. Садықов - жоғары педагогикалық білім және уздіксіз білім беру тұжырымдамаларының авторы. Ол ұзақ жылдар министрлік алқасының мушесі, жиырма жыл бойы Қазақстандағы жоғары оқу орындары ректорлары кеңесінің төрағасы болды.

Жалғасы. Басы 1 бетте

Айта кетсек, Ұлттық ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Серік Пірәлиев 1976 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің химия факультетін бітірген. Еліміздің ең үздік жоғары оқу орнында білім алған жас маман ғылым жолын таңдады. Ғылым академиясы құрамындағы Химия ғылыми-зерттеу институтына жолдамамен келіп, қызыметке тұрды. Институтта табан аудармай тоғызы жыл еңбек етіп, ғылыми зерттеу жүргізу, лабораториялық зерттеу нәтижелерін саралау мен жинақтау, ой түйіп, қорытынды жасау жолдарын, әдістері мен тәсілдерін жете мәнгерді. Алғашқы зерттеу еңбектерін жазып, жариялады. Қабілетті, талантты жас ғалымға республиканың Білім министрлігі басшыларының қызыласы түсті. 1985-1995 жылдары Білім министрлігінде аға инспектор, басқарма басшысының орынбасары, министрдің көмекшісі, білім басшысы, бас басқарма басшысы лауазымдарында еңбек етіп, ғылыми зерттеу мен білім беру ісін үйімдастыру, басқару саласында мемлекеттік деңгейдегі біліктілік білігіне көтерілді. Министрлер кабинетінің аппаратында сыртқы байланыстар бөлімінің, хаттамалық қызымет секторының мәнгерушісі, Қазақстанның ТМД елдерімен ықпалдастық бойынша мемлекеттік комитетті тәрағасының орынбасары, Білім және мәдениет министрлігінің жоғары және орта арнаулы білім департаменті директорының орынбасары, Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі құрамындағы жоғары және орта арнаулы білім басқармасы басшысының орынбасары, басшысы бола жүріп, еліміздің ғылымы мен білім беру ісінің көрнекті қайраткері, туғыры биік турлаулы тұлғасы деңгейіне көтерілді.

Күлшіліндірді. Университеттің материалдық-техникалық базасы, білім беру, маман даярлау сапасы жыл сайын жақсырып, жаңа деңгейге көтерілді, оқытушы-профессорлар корпусының интеллектуалдық әлеуеті артты. Қос дипломды білім беру жүйесі жолға қойылды. Бұл ретте 2014 жылы Серік Жайлауұлының бастамасы және ерен еңбегі нәтижесінде ашылған «Сорбонна – Қазақстан» институты Абай атындағы ҚазҰПУ мен «Сорбонна» жоғары білім ғылыми орталығының бірлескен оқу бағдарламасы бойынша біріккен бакалавр және қос дипломды магистр даярлауда қол жеткен табыстар университеттің білім беру, маман даярлау ісін жаңа сапалық деңгейге шығарғаны анық. С. Жайлауұлы басшылық еткен жылдарда Абай университеті зор жетістіктерге жетті. Осы жетістіктер кейінгі жылдарда университеттің халықаралық рейтинг жүйесінде жоғары көрсеткішке жетуіне негіз болды. Ұлттық университет ректорының ажарын ашатын, абырайын арттырағын ерекше құат көзі – оның ғылыми зерттеу саласындағы жетістіктерінің әлеуметтік маңызының жоғарылығы. Ғылымда қоғамның мемлекеттік мәні бар, әлеуметтік маңызы зор өзекті мәселелерін шешуге әр екі ректордың бірінің немесе әр екі ғалымның бірінің қабілеті жете бермейді. Мұндай қасиет ғылым мен білім әлеміндегі озық тұлғадаған болады. С.Пірәлиев заманының ғылым мен білім әлеміндегі озық тұлғасы еді. Ғалымның ғылыми зерттеулері халық шаруашылығы үшін бәсекеге қабілетті жоғары білімді және жоғары білікті жас мамандар даярлаудың ғылыми, ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік, теориялық және методологиялық іргелі мәселелерін шешуге арналды. Осы салада ол 400-ден астам ғылыми

Серік Пірәлиев 1999 жылы Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогикалық институтының ректоры болып тағайындалды. Жалпы, педагогика мамандығы бойынша докторлық диссертация қорғады. Диссертацияда негізделген тұжырымдар мен арналады. Осы салада ол 400-ден астам ғылыми еңбек, оқулық пен оқу құралын жариялады, өндіріске 10-нан астам оқу пәнін, білім беру бағдарламасын енгізді, 30-дан астам ғылым кандидаты мен докторын, философия докторын даярлады, онын редакторлығымен 50-ден астам

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, ШЕБЕР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ



қағидалар отандық педагогика ғылымындағы жаңа жетістік ретінде бағаланды. Әмір жолының түрлі белесінде алған терең білім мен биік кәсіби құзыреттілігі, бай тәжірибесі С.Жайлауұлының әрқашан адада сенімді қолдаушысы болды. 2003-2007 жылдары А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің президенті болып қызмет еткенде оны қолдаған да, қорғаған да осылар болды: терең білім, биік құзыреттілігі, бай тәжірибесі. Бұл үш қазына-байлық кісілік кемелдікпен, азamatтық асыл ұстанылған үштасып, ғылым мен білім қайраткерінің бірегей азбал қасиетінің негізіне айналды. Тиянақты, жүйелі үйімдастыру және басқару жұмыстарының нәтижесінде Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркі элемінің үйістырушы, ынтымақтастырушы рухани орталығына айналды.

ғылыми, ғылыми-көпшілік басылым жарық көрді. «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марараптталды. Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік сыйылыштың лауреаты, Білім беру ісінің үздігі атанды.

Ғалымның, ғылыми зерттеу кеңістігінен өзара сабактас екі сала ерекше айшықты көрінеді. Оның бірі – білім мазмұны, екіншісі – үлттық тәрбие. Ғалымның тәң авторлармен бірге жазып, жариялаған екі томдық «Жалпы химия» оқулығы және басқа оқу құралдары жоғары білім беру ісіндегі басты білім негізі қызметін атқарды, химия мамандығы бойынша білім алушы болашақ мұғалімдер үшін қымбат құндылықта айналды. Үлттық тәрбие жөнінде жазылған «Үлттық тәрбие», «Үлттық тәрбениң патриоттық мазмұны» оқу құралдары, «Үлттық тәрбие салт-дәстүр, әдеп-ғурып негізінде»

Білім және ғылым министрлігінде жаңа мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру барысында басшылар білім мен ғылым саласында басшылық қауазымында бай тәжірибе жинаған, шебер үй ғылыми дастырушы, салиқалы басқарушы С.Пірәлиевке назар аударды. Президент өкімімен С.Жайлауұлы Білім және ғылым министрлігінің жауапты хатшысы болып тағайындалды. Кейіннен Абай атындағы Қазақ үлттық педагогикалық университеттің ректорына жіберілді. Ол ректорлық қызметті Абай университеттің стратегиялық даму бағдарламасын жасаудан бастады. Бағдарламада университеттің басты қызымет салалары бойынша нақты мақсаттар, міндеттер белгіленіп, оларды іс жүзіне асрыруға қажетті жағдайлар, тәтіктер аныкталды. Ректор университет курмышын «Ұлттық ғареө салт-дастыр, әдеу-ұрып негізінде» және басқа еңбектерінде автор үлттық тәрбиені зерттеу пәні ретінде фана қарастырып қоймай, оны оқу пәніне айналдырыды, білім беру жүйесіне жаңа оқу пәнін енгізді. Жаңа оқу пәнін ғылыми, әдістемелік құрамдастарын толықтыру мақсатында жүргізілген жұмыстар нәтижесінде жаңа ғылыми бағыт қалыптасты, үлттық тәрбие кафедрасы, үлттық тәрбие орталығы жұмыс істеп, «Ұлттық тәрбие» республикалық ғылыми-көпшілік журналы шыға бастады, оқытушылар мен зерттеушілердің жаңа буыны есіп, жетілді. Білім және ғылым министрлігінің бүйірьяымен университет жанынан «Ұлттық тәрбие жөніндегі республикалық үйлестіру көнеші» құрылып, оның тәрағасы болып университет ректоры С.Пірәлиев бекітілді. Үлттық тәрбие беру ісі республика аумағында көн жаған

тетіктер анықталды. Ректор университет құрамында «Білім мазмұны және жаңа тартау технологиялар» ғылыми-зерттеу институтын ашып, атқарылар істің ғылыми-әдістемелік, әлеуметтік, технологиялық негіздерін әдіснамалық және теориялық деңгейде қапсызы тиенақтауға қол жеткізді, білім мазмұнының саласын ғылымының соны жетістіктері мен тәрбие беру ісі республика аумағында кең қанат жайып, жаңа серпінмен жалғасын тапты.

Осылайша басқосуда профессор, академик Серік Пірәлевітің жақсы аты аталаған, рухына тағзыым етілді. Енді көрнекті ғалым, білікті педагогтың артында қалған мұрасы халқының ігілігіне қызмет етедерері анық.

ның сапасын ғылымиңың соны жетістіктері мен қоғамның заманауи сұранысына сай үдайы жақсартудың жүйесін жасады. Оқу лабораториялары, зертханалар ескірген, уақыт сұранысына жауп беруден қалған құрал-жабдықтары, университеттің материалдық-техникалық базасы заман талабына сай толық жаңартылды. Университеттің даму стратегиясын кезең-кезеңімен іс жүзіне асыруының инициаторлары ректорлардың жаңа баспаска

Мұхтар МҰРАТҚАЗИН,
Тарих және қызықиқ институты

Болат ШАРАХЫМБАЙ

